

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткери ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 604 қаулысы

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткери ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткери ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

Б. Сагынтаев

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткери ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткери ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., № 19, 183-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткери қағидаларында:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнаулы мемлекеттік органдардың әскери қызметшілері әскери қызметті "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" 2012 жылғы 13 ақпандығы Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – "Арнаулы мемлекеттік органдар туралы" Зан) көзделген ерекшеліктерді ескере отырып өткереді.";

3-тармақтың мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бейбіт және соғыс уақытында әскери қызмет өткеру техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары, жоғары орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарында оқуды, әскери қызметке шакыруды, келісімшарт бойынша әскери қызметке ерікті түрде кіруді, әскери атақ беруді, әскери лауазымға тағайындалуды және әскери қызмет бойынша ауыстырылуды, ротациялауды, әскери қызметтен шығаруды, аттестаттауды, демалыстар беруді, әскери жиындардан өтуді, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған басқа да мән-жайларды (оқиғаларды) қамтиды.";

8-тармақта:

2) және 3) тармақшалармынадай редакцияда жазылсын:

"2) келісімшарт бойынша әскери қызметке кіргендер үшін – әскери білім командирінің (мемлекеттік мекеме басшысының) білім жеке құрамының тізімдеріне енгізу туралы бұйрығы шыққан күн, ал Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде – жеке құрам бойынша бұйрық шыққан күн;

3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және көніліктердің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына түскендер үшін, егер оған дейін олар әскери қызметшілер болып табылмаса – ұландарды қоспағанда, әскери оқу орындары үшін әскери оқу орны бастығының оқуды жалғастыру, үшінші курсқа көшіру жәnekадет ауыспалы құрамының әскери лауазымына тағайындау туралы бұйрығы шыққан күннен бастап, ал шетел әскери оқу орнына түскен кезде – уәкілетті орган басшысының оқуға жіберу туралы бұйрығы шыққан күннен бастап";

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарында оқудың екінші курсын бітірген ұландар үшін – әскери оқу орны бастығының оқуды жалғастыру, үшінші курсқа көшіру жәnekадет ауыспалы құрамының әскери лауазымына тағайындау туралы бұйрығы шыққан күннен бастапсаналады.";

9-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметтен шығарылуына (әскери жиындардың аяқталуына) байланысты, сондай-ақ әскери білім командирінің (мемлекеттік мекеме басшысының) бұйрығымен ресімделетін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына, арнаулы мемлекеттік немесе құқық қорғау органдарына ауыстыруды қоспағанда, қызметтен шығару бірінші басшысының бұйрығымен ресімделетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін қоспағанда,

мемлекеттік органдарға немесе мемлекеттік мекемелерге мемлекеттік қызметкө ауысқан жағдайда әскери бөлімнің тізімдерінен шығарылған күн әскери қызмет аяқталған күн болып саналады.";

10-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Әскери бөлімді немесе әскери қызмет орнын өз бетінше тастап кеткен уақыт кезеңі, сондай-ақ қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны өтеу уақыты әскери қызметшінің әскери қызмет мерзіміне есептелмейді.";

12-тармақта:

бірінші бөліктегі:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Әскери қызмет өткеру туралы келісімшартты Қазақстан Республикасының азаматы ерікті түрде Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың уәкілетті лауазымды адамымен жазбаша түрде уәкілетті органдардың бірінші басшыларымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітетін үлгі нысан бойынша:";

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақшадағы "құрылымдық бөлімшесінің бастығымен жасалады." деген сөздер "құрылымдық бөлімшесінің бастығымен;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) ұлан техникалық жәнекәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оку орнында оқудың үшінші курсына ауысқан кезде –осы оку орнының бастығымен жасайды.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органның бірінші басшысы Қазақстан Республикасының азаматтарымен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасу жөніндегі қілеттіктер берілген уәкілетті лауазымды адамдарды айқындайды.";

13-тармақтың екінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Заңның 26-бабының 7-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, әскери оку орнина түскенге дейін келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген әскери қызметшіні теріс себептер бойынша шығару үшін негіздеме болып табылмайтын әскери оку орнидан шығарылған";

21-тармақта:

екінші бөліктің 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өзінежәне зайыбына (жұбайына) табыстар мен мұлік туралы декларацияны тапсырғаны туралы мәліметтерді";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әйелдерді қоспағанда, бұрын әскери қызмет өткермеген, жоғары оку орниның әскери кафедрасында оқымаған адамдар Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымында әскери даярлықтан өткенін растайтын құжатты ұсынады.";

25-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Медициналық куәландыруды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органының тұрақты жұмыс істейтін медициналық комиссиясы жүргізеді.";

26, 28 және 30-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Медициналық куәландыру тәртібі және медициналық комиссиялардың құрамы Эскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларымен айқындалады.";

"28. Психологиялық іріктеу нәтижелері бойынша нақты әскери лауазымдарда келісімшарт бойынша әскери қызметке кандидаттың жарамдылығы туралы мынадай қорытындылардың бірі шығарылады:

- 1) "ұсынылады";
- 2) "ұсынылмайды".";

"30. Тізбесін уәкілетті органның басшысы бекіткен лауазымдарға келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдарға қатысты уәкілетті органның басшысы айқындаған тәртіппен психологиялық-физиологиялық және полиграфологиялық зерттеулерді қолданументексеру жүргізіледі. Психологиялық-физиологиялық және полиграфологиялық зерттеулер жүргізуді құрылымында әскери қызмет өткери көзделген уәкілетті органдар ұйымдастырады.";

34-тармақтың 4) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) тізбесін уәкілетті органның басшысы бекіткен әскери лауазымдарға кандидаттармен психологиялық-физиологиялық және полиграфологиялық зерттеулер жүргізу туралы";

"6) әскери бөлім іріктеу комиссиясының әскери қызметшінің кандидатурасын қарауы туралы нұсқаулар береді.";

38 және 43-тармақтармынадай редакцияда жазылсын:

"38. Уәкілетті органның басшысы Заңын 25-бабының 2-тармағындакөзделген жағдайларда әскери қызметте болудың шекті жасына толған әскери қызметшінің баянаты бойынша әскери қызмет мерзімін онымен жаңа келісімшарт жасасу жолымен бес жылға дейінгі мерзімге ұзартады.";

"43. Әскери қызметшіні әскери лауазымға тағайындау уәкілетті органның бірінші басшысы бекітетін мемлекеттік органның лауазымдар санаттарына қойылатын біліктілік талаптарына және осы Қағидаларда көзделген өзге де мән-жайларға байланысты әскери қызметшінің білім және кәсіби даярлық деңгейі, денсаулық жағдайы ескеріле отырып жүргізіледі.";

45-тармақтың төртінші бөлігімynадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті тағайындастын немесе онымен келісу бойынша тағайындалатын, оның ұсынысы бойынша сайланатын, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша тағайындалатын мемлекеттік саяси қызметшілердің және оның де лауазымды адамдардың лауазымдар тізбесі үшін әскери лауазымдарда болу мерзімдері белгіленбейді.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орнына қабылданған азамат сарбаздар (матростар) немесе сержанттар (старшиналар) құрамдарының штаттық-лауазымдық санатындағы кадет және курсант ауыспалы құрамының әскери лауазымына тағайындалады.

Офицерлер құрамының әскери атағы жоқ, әскери оқу орнына қабылданған әскери қызметші бұрын атқарған әскери лауазымынан босатылады және сарбаздар (матростар) немесе сержанттар (старшиналар) құрамдарының штаттық-лауазымдық санатындағы курсант ауыспалы құрамының әскери лауазымына тағайындалады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орнына қабылданған келісімшарт бойынша әскери қызметші бұрын атқарған әскери лауазымынан босатылады және қашықтықтан білім беру технологияларын пайдаланумен білім алатындарды қоспағанда, Қарулы Күштер магистранты не докторанты немесе адъюнкті ауыспалы құрамының әскери лауазымына тағайындалады.

Оқытудың үшінші курсына ауыстырылған ұлан, сондай-ақ жалпы орта білім беру базасындағы азамат немесе техникалық жәnekәсіптік, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына қабылданған әскери қызметші тиісінше Қарулы Күштердің кадеті не курсанты немесе әскери интерні ауыспалы құрамының әскери лауазымына тағайындалады.

Әскери қызметші (азамат) әскери оқу орнына қабылданған кезде оның бұрын берілген әскери атағы сақталады.";

48-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Әскери оқу орындарын немесе әскери оқу орнының адъюнктурасын, магистратурасын не докторантурасын бітірген әскери қызметшілер қажетті білім деңгейі бар адамдар атқаруға тиіс, сондай-ақ егер Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы әскери лауазымдар және оларға сәйкес әскери атақтар тізбесінде (бұдан әрі – әскери лауазымдар тізбесі) аталған әскери қызметшілердің әскери атақтарына тең немесе оларға қарағанда анағұрлым жоғары әскери атақтар сәйкес келсе, әскери лауазымдарға тағайындалады.";

50-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Бос әскери лауазымдарға төмен тұрған құрамының әскери қызметшілері, сондай-ақ тиісті құрамының әскери міндептілері не уәкілетті органның бірінші басшысы айқындастын тәртіппен азаматтаруақытша тағайындалуы мүмкін. Бұл ретте төмен

тұрған құрамның әскери қызметшілерінің, әскери міндептілер мен азаматтық персонал адамдарының лауазымдық айлықақысы атқаратын әскери лауазымына сәйкес белгіленеді.";

55-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшінің баянаты бойынша Заңның 26-бабы 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген шарттар болған кезде, уәкілетті органдардың бірінші басшыларымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітетін үлгі нысан бойынша отбасылық-мұліктік жағдайды тексеру актісімен расталатын отбасы жағдайлары бойынша";

58 және 59-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Әскери қызметшіні әскери лауазымға тағайындаған, әскери лауазымнан босатқан, командирдің (бастықтың) қарамағына қабылдаған, қызметтен шығарған, әскери атақ берген, оны төмендеткен, одан айырған кезде, сондай-ақ жаңа келісімшарт жасасқан кезде уәкілетті органдардың бірінші басшыларымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітетін үлгінысан бойынша ұсыным немесе басқа да құжаттар (баянат, ауыстыру жоспары, бөлу жоспары) ресімделеді.

59. Қамаққа алу түріндегі жазасын өтейтін әскери қызметшілер жоғары тұрған әскери лауазымға тағайындалмайды.";

70-тармақтың төртінші бөлігімінадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына, арнаулы мемлекеттік немесе құқық қорғау органдарына ауыстыру олардың бірінші басшыларымен келісу бойынша жүргізіледі.";

72-тармақтың бірінші бөлігімінадай редакцияда жазылсын:

"72. Әскери қызметшілер мемлекеттің қорғанысын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде бірінші басшылармен келісу бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарына, ал халықаралық ұйымдарға – қабылданған келісімдерге (шарттарға) сәйкесәскери емес лауазымдарға іссапарға жіберілуі мүмкін.";

74-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Іссапарға жіберілген әскери қызметшілерге сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету көрсетілген мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен халықаралық ұйымдардың қызметкерлері үшін айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Іссапарға жіберілген әскери қызметшілерге лауазымдық айлықақылар, сыйлықақылар, материалдық көмек, сауықтыруға арналған жәрдемақылар, қызмет өткерудің ерекше шарттары үшін ұстемеақылар және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да ұстемеақылар төлеу олар іссапарға жіберілген мемлекеттік органдарды, ұйымдар мен халықаралық ұйымдарды қамтуға көзделген

қаражат есебінен жүргізіледі. Өзге де төлемдер, сондай-ақ заттай мұлікпен қамтамасыз ету тиісінше әскери қызметшілерді іссапарға жіберген уәкілетті органды қамтуға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.";

96-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"96. Осы Қағидалардың 89-тармағының 4), 5) тармақшаларына сәйкес кезекті әскери атақ, сондай-ақ офицерлер құрамының алғашқы әскери атағын беруге алынбаған тәртіптік жазасы бар болған кезде, оларға қатысты қылмыстық іс қозғалған, сондай-ақ тиісті командирлердің (бастықтардың) өкімінде тұрған (оның ішінде бос немесе бос емес лауазымдар бойынша міндеттерді уақытша атқарған кезде) әскери қызметшілер ұсынылмайды.";

97-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот үкімімен белгіленген қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны өтеу уақыты әскери қызметшілерге кезекті әскери атақ беру үшін еңбек сінірген жылдарының мерзіміне есептелмейді.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әскери қызметке кірген кезде әскери атақтағы еңбек сінірген жылдарының мерзімі запастағы еңбек сінірген жылдарының мерзімін ескере отырып есептеледі.";

101-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"101. Қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны өтеген уақытта әскери қызметшіге кезекті әскери атақ және офицерлер құрамының және сержанттар (старшиналар) құрамының алғашқы әскери атағы берілмейді.";

105-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"105. Әскери қызметшілерді (әскери міндеттілерді) әскери атағында бір сатыға төмендету, оларды әскери атағынан айыру және әскери атағын қалпына келтіру былайша жүргізіледі:

1) жоғары офицерлер құрамын – Қазақстан Республикасының Президенті–Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы;

2) офицерлер құрамын (жоғары офицерлер құрамынан басқа) – уәкілетті органның бірінші басшысы;

3) өзге де әскери атақтарды – лауазымды адамдар тізбесіне сәйкес.";

үшінші бөлік алғып тасталсын;

135-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"135. Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден, кадеттер мен курсанттардан басқа) оқуға түсу емтихандарына дайындалу және тапсыру үшін, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы оқу кезеңінде оқу жоспарында айқындалған мерзімге оқу демалыстары беріледі, ал ғылым кандидаты, докторы ғылыми

дәрежелерінің, философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежелерінің ізденушілері болып табылатын әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шығармашылық демалыстар беріледі.";

140-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

142-тармақта:

бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"142. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді аттестаттау уәкілетті органның бірінші басшысының шешімі бойынша өткізіледі.

Уәкілетті органдарда әскери қызметшілерді аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі іс-шараларды орындау тәртібін олардың бірінші басшылары айқындаиды. Аттестаттау парағы уәкілетті органдардың бірінші басшыларымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітетін нысан бойынша ресімделеді.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

143-тармақ алып тасталсын;

144-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"144. Аттестаттау қорытындылары бойынша тұжырымда аттестатталушының атқаратын лауазымға сәйкес келетіні немесе сәйкес келмейтіні көрсетіледі, одан кейін кәсіби, іскерлік, моральдық және психологиялық қасиеттеріне, жұмыс тәжірибесіне, қабілеттері мен бейімділігіне, сондай-ақ қызмет мұдделеріне сүйене отырып, оны одан әрі қызметте анағұрлым орынды пайдалану туралы пікір жазылады.

Бұл ретте мынадайұсынымдар берілуі мүмкін:

- 1) жоғары лауазымға ұсыну немесе кадрлық резервке енгізу туралы;
- 2) әскери оқу орнына оқуга жіберу туралы;
- 3) тең әскери лауазымға ауыстыру туралы;
- 4) төмөнгі тұрған әскери лауазымға ауыстыру туралы;
- 5) әскери қызметтен шығару туралы;

6) тек Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының әскери қызметшілеріне қатысты – жеке кәсіптік дамыту бағдарламасын менгергені туралы.";

145-тармақ алып тасталсын;

146-тармақтың мынадай редакцияда жазылсын:

"146. Әскери қызметшілер жүктілігі және бала тууы бойынша, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша демалыста болған, қашықтықтан білім беру технологияларын пайдаланумен білім алушыларды қоспағанда, мемлекеттік қызметшілерді жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша даярлау жөніндегі мемлекеттік тапсырыс шенберінде Қазақстан Республикасының және (немесе) шет мемлекеттердің арнаулы (әскери) оқу орындарында, білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алған кезеңде олар аттестатталмайды. Олар қызметке

шыққаннан кейін алты ай өткен соң және қызметке шыққан күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей аттестатталады.";

151-тармақта:

бірінші бөлік алып тасталсын;

екінші бөлікмұнадай редакцияда жазылсын:

"Аттестаттау комиссияларына сонымен қатар тиісті әскери бөлім командирінің (мемлекеттік мекеме басшысының) шешімі бойынша жекелеген әскери қызметшілердің әскери қызмет өткеру мәселелерін қарau жүктеледі.";

152-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"152. Аттестаттау тәртібін бұзуға және объективті болмауына шағым оған қатысты аттестаттау жүргізілген адам танысқан күннен бастап үш айдан кешіктірілмей тікелей бастық арқылы (команда бойынша) жоғары тұрған лауазымды адамдарға берілуі мүмкін. Бұл ретте әрқайсысының соттың қорғауына құқығы бар.

Әскери қызметшінің шағымы дәлелді деп танылған жағдайда қайта аттестаттау жүргізіледі.";

156-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшіні әскери қызметтен шығару туралы жеке құрам бойынша бұйрықтан үзіндіоның назарына қолтаңбасын қойғызып жеткізіледі. Әскери қызметші демалыста, емделуде немесе қызметтік іссапарда болған жағдайда бұйрықтан үзіндіоның назарына қайтып оралғаннан кейін жеткізіледі.";

161, 164, 165 және 166-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"161. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына, арнаулы мемлекеттік немесе құқық қорғау органдарына ауыстыруды қоспағанда, мемлекеттік органдарға немесе мемлекеттік мекемелерге мемлекеттік қызметке ауыстырылуына байланысты қызметтен шығаруәскери қызметшінің баянаты бойынша мемлекеттік органның (мекеменің) мемлекеттік қызметшінің лауазымын көрсетумен әскери қызметшіні мемлекеттік қызметке қабылдау туралы тиісті хабарламасы келіп түсken кезде жүргізіледі.";

"164. Әскери қызметші Қазақстан Республикасының өкілді органдарына сайланған немесе тағайындалған жағдайда, ол тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сайлау қорытындылары негізінде қызметтен шығарылуға тиіс.

165. Әскери қызметші судья лауазымына сайланған немесе тағайындалған жағдайда оны тағайындау туралы тиісті актінің немесе оның тағайындалғаны туралы уәкілдегі органның хабарламасы негізінде қызметтен шығарылуға тиіс.

166. Әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуына байланысты қызметтен шығару Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығару туралы тиісті Жарлығы күшіне енген күннен

бастап немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркеген күнінен бастап уәкілетті басшының шешімімен жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 167-1-тармақпен толықтырылсын:

"167-1. Техникалық жәнекәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарының бітірушілерін, сондай-ақ әскери интерндерді, магистранттарды, докторанттар мен адъюнкттерді жоғары әскери оқу орындарынан шығару жағдайларын қоспағанда, әскери оқу орнынан шығарылуға байланысты әскери қызметшілерді қызметтен шығару окудан шығару туралы бұйрық негізінде жүргізіледі.";

168-тармақта:

1), 2) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қылмыс жасағаны үшін, оның ішінде шартты түрде соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне байланысты – бөлімге келіп түскен сот үкімі және оның заңды күшіне енуі туралы өкім негізінде;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабынегізінде қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылуына байланысты – бөлімге келіп түскен сот үкімі және оның заңды күшіне енуі туралы өкім немесе прокурор бекіткен қылмыстық қудалау органының қаулысы негізінде";

"4) әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде алкогольдік, есірткілік немесе өзге де масаң күйде болуға, сондай-ақ мамандандырылған медициналық мекемелерде (наркологиялық диспансерлерде) алкогольдік, есірткілік немесе өзге де масаң күйге ұшырататын заттарды тұтыну тұрғысынан медициналық куәландырудан өтуден бас тартуға немесе жалтаруға байланысты – қызметтік тергеп-тексеру қорытындысы негізінде";

5) тармақша алып тасталсын;

6) тармақшамынадай редакцияда жазылсын:

"6) әскери қызметші келісімшарттың талаптарын жүйелі түрде бұзған жағдайда – қызметтік тергеп-тексеру қорытындысы негізінде немесе осы Қағидаларға сәйкес әскери бөлімнің (мемлекеттік мекеменің) атtestаттау комиссиясы осы фактілерді қарағаннан кейін";

7) тармақша алып тасталсын;

8) тармақшамынадай редакцияда жазылсын:

"8) арнаулы мемлекеттік орган немесе ішкі істер органы әскери қызметшісінің қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелсіз себептермен қызметте болмауына байланысты – қызметтік тергеп-тексеру қорытындысы негізінде";

9) тармақша алып тасталсын;

10) тармақшадағы "өкім негізінде жүргізіледі." деген сөздер "өкім негізінде;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"11) әскери қызметке кірген кезде әскери қызметке қабылдаудан бас тарту үшін негіздемелер болып табылуы мүмкін көрінеу жалған құжаттар немесе мәліметтер беруге байланысты;

12) әскери қызметші оның табыстары мен меншік құқығында оған тиесілі мүлік туралы көрінеу жалған мәліметтер беругебайланысты жүргізіледі.";

171 және 173-тармақтар алып тасталсын.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

H.Nazarbaev

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК